ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

# ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/ №16 (23 192) 9 АҚПАН, БЕЙСЕНБІ 2023 ЖЫЛ www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

● ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

# Түркияға төрткүл дүние көңіл айтады

**Түркияның оңтүстік-шығысында дүйсенбі-сейсенбідегі зілзала зор қайғыға душар етті. Айтпай жеткен апатқа барша әлемнің қабырғасы қайысып отыр, шын мәнінде. Жойқын жер сілкінісінен көз жұмғандар саны сағат сайын өсіп, өкінішті өршітіп барады. Кеше ВВС агенттігі Түркияның өзінде 5894 мың адамның құрбан болғанын, 34810 мың жарақат алғанын хабарлады. 15 миллион халық далада үйсіз-күйсіз қалды.**

**Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Ашық ресурстағы деректер Түркияның оңтүстік өңірлері мен Сирияның солтүстігіндегі зілзала жалпы 7,2 адамның өмірін жалмағанын айтуда. Бірақ Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының болжамы одан да қорқынышты. Бұл ұйым құрбандар саны 20 мыңнан асып жығылуы мүмкін дейді. Оны ендігі дүйім әлемге естіртіп те қойды. Түрік бауырлардың басына түскен нәубеттен құтқарып, қайғысын бөлісу үшін төрткүл дүние жұдырықтай жұмылды. Оның арасында, Қазақстан да бар. Түрік бауырларға Президент тапсырмасымен еліміздің 41 маманнан жасақталған құтқарушы жетті. Ал, кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркияға көмекке 1 миллион АҚШ доллары берілетінін жария етті. Президент Қазақстандағы Түрік елшілігіне барып, түрік бауырларға көңіл айтты. Бұл туралы Ақорда хабарлады.

Коллажды жасаған **Шынар Адамбекова**

### Түрік бауырлармен біргеміз

«Мемлекет басшысы Үкіметке жойқын жер сілкінісі салдарынан зардап шеккен Түркия Республикасына шұғыл көмек ретінде 1 миллион доллар бөлуді тапсырды. Сонымен қатар, Қазақстанның өкілетті органдары түрік тарапымен бірлесіп, зілзаланың зардабын жою үшін қосымша көмек көрсету мәселесін қарастырып жатыр. Айта кетсек, Қазақстан Төтенше жағдайлар министрлігінің құтқарушылары жер сілкінісі салдарын жоюға көмек көрсету үшін Алматыдан Түркияға аттанды. Оның құрамында Қазақстанның республикалық жедел құтқару жасағының құтқарушылары, медициналық қызметкерлер және құтқарушы иттер бар», – дейді Ақорданың баспасөз қызметі.

Мұның ішінде, Қарағанды облысының құтқарушылары да бар.

«Түркияға жер сілкінісінің салдарын жоюға көмектесу үшін қарағандылық құтқарушылар аттанды. Апат аймағына олар басқа өңірлерден келген әріптестерімен бірге Астанадан ұшып кетті. Қарағанды командасының құрамында 15 адам – ТЖД құтқарушылары, оның ішінде кинологиялық құрам, сондай-ақ, апаттар медицинасы орталығының дәрігері мен фельдшерлері бар. Команда 14 тәулікке автономды жұмысты ескере отырып, авариялық-құтқару құралымен, медициналық мүлікпен, байланыс және тіршілікті қамтамасыз ету құралдарымен жасақталған», – деп хабарлады Қарағанды облысы төтенше жағдайлар департаментінің баспасөз қызметі.

### Әлемдегі жойқын зілзала

Магнитудасы 7,8 жер сілкінісінің кіндігі –- миллион тұрғыны бар Газиантеп қаласына жақын жерде. Мұның толқыны Сирияда, Ливанда, Ираста және Армения мен Грузияда сезілген. Түркияның 10 провинциясы зардап шекті. 32 афтершок бүкіл Түркия жерінде байқалған. Түркия Президенті зардап шеккен аймақтарға төтенше жағдай енгізді. Төтенше жағдай үш айға жалғасады. Түркия Президенті Режеп Тайып Ердоған 12 ақпанға дейін жеті күндік ұлттық аза тұту жариялады.

«Бұл жер сілкінісі бұрынғымен салыстырғанда ауқымды аймақты қиратты. Біз республика тарихында ғана емес, біздің географияда ғана емес, әлемдегі ең ірі апатпен бетпе-бет келдік», – деді Ердоған.

Зілзала Түркия тарихында 1939 жылдан соң қайталанған ең қайғылы жер сілкінісі ретінде бағаланып отыр. Тура 84 жыл бұрын Ерзинжан зілзаласында 32 968 адам марқұм болып, 100 мың адам жарақаттаныпты. Ал, ашық ресурста түрік ғалымдарының кешегі зілзала қуатын 130 атом бомбасына пара-пар екенін мәлімдеген деректер де жарық көруде.

Бүгінде Түркияның өзінен 54 мыңға жуық құтқарушы жұмылған. Олар қираған үйлерді аршып, астында қалған халықты құтқаруда. Құтқарушылар қатарын шетелден, көршілес мемлекеттерден келгендер толықтырып жатыр. Жалпы, Түркияға көмек беруге 70 мемлекет ықтиярлық танытқан екен.

### Түркияда қанша Қазақстан азаматы бар?

Сыртқы істер министрлігінің айтуынша, Түркияда 75 мыңға жуық қазақстандық болуы мүмкін. Оны 7 ақпанда өткен арнайы брифингте мәлімдеді.

«Түркияда 968 Қазақстан азаматы тіркелген: Анкарада – 498, Ыстамбұлда – 45, Анталияда – 189. Сонымен қатар, соңғы мәліметтер бойынша, Түркияда 8219 қазақстандық студент білім алуда. Барлығы түрік мәліметтері бойынша. Елде 75 мыңға жуық Қазақстан азаматы болуы мүмкін», – деді Сыртқы істер министрлігінің ресми өкілі Айбек Смадияров.

Сыртқы істер министрлігінің ресми өкілі Түркиядағы қазақстандық дипломаттар осы елде жүрген Қазақстан Республикасының азаматтарымен байланыс орнату бойынша жұмыс жүргізіп жатқанын, студенттерге тиісті ақпараттық хабарламалар жіберілгенін атап өтті.

Ресми органдар таратқан ақпараттарда ондағы қазақстандық азаматтар зардап шекті деген дерек тіркелген жоқ.

### Жер сілкінісінің салдарынан қазақтың азаматы жоғалып кетті

Осы мақала жазылып жатқан уақытта әлеуметтік желіде Хатай қаласында қазақ азаматының жоғалғаны туралы хабар тарады. «Хатай қаласында болған жер сілкінісінің салдарынан қазақтың азаматы, халықаралық деңгейдегі маман Мирус Құрмашев жоғалып кетті», – деп хабарлайды Қастай Дастан фейсбук парақшасында.

«Зілзаладан кейін байланысқа шықпаған қазақ азаматы Мирус Құрмашевтың жоғалғаны жайлы әріптесі Мағжан Мәдиев жазды.

– Достар, біздің досымыз, Astana Hub технопаркінің халықаралық агенті Мирус Құрмашев Түркиядағы зілзала кезінде жоғалып кетті. Ағасы Алмат Құрмашевтың айтуынша, жер сілкінісі кезінде ол Түркияның Хатай қаласында болған. Содан бері онымен байланыс үзілді. Отбасы мен достары алаңдап, жан-жақты іздестіруде, бірақ әлі де ешқандай хабар-ошар жоқ.

Мирустың бауыры мен достары, қазақстандық еріктілер бүгін түнде (7 ақпан) іздестіру жұмыстарын күшейту үшін Түркияға ұшады, – деді Азамат. Дәл қазіргі уақытта жоғалған азамат жайлы елшілікке хабарланды. ҚР Елшілігі шұғыл арада қазақ жігітін іздестіру жұмыстарына кірісті», – дейді ол. Мирустың туған-туысқандары да іздестіру жұмыстарын күшейту үшін Түркияға бармақшы екен.

● МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ

# Скрининг ауқымы ұлғаяды

**Былтыр күзден бастап 18 жасқа толған әрбір ауыл азаматы профилактикалық тексерулерден өту мүмкіндігіне ие болды. Бұрын мұндай тексерулер 30 жастан басталатын-ды. Скрининг жасы төмендеп қана қоймай, тексеріс аясы кеңейді. Оған асқазан-ішек жолдары мен қуықасты безінің ауруларын анықтауға бағытталған скринингтер қосылды. Бұл мақсатта медициналық сақтандыру қоры биыл 478 млн. теңге жұмсамақшы.**

Оның ішінде тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі шеңберінде 135,5 млн. теңгеден астам және МӘМС пакетінен 342,7 млн. теңге бар. Қор былтыр да осындай қолдау көрсеткен. Мәселен, Бұқар жырау ауданында өткен жылы 6,5 мыңға жуық адам скринингтен өтті. 18-ден 29 жасқа дейінгі үш мыңға жуық адам тексерістен өтсе, оның 37-сінде дерт анықталды. Көбінесе бұл – асқазан-ішек жолдарының аурулары. 30 жастан 44 жасқа дейінгі санатта 845 адам профилактикалық тексеруден өтті. Олардың 45-де асқазан-ішек жолдары мен бүйрек аурулары анықталды. Сонымен бірге, 45-65 және 66-70 жастағы топтарда асқазан-ішек және қуықасты безі аурулары бар 60-қа жуық науқас анықталды. Олардың барлығы қосымша тексерістен өтіп, қажетінше ем-дом алу үшін бейінді мамандарға жіберілді. Бұл – скрининг бағдарламасының екінші кезеңі.

– Ауыл тұрғындары скринингінің маңызды айырмашылығы – 18 жастан басталуы. Скринингтің бір бөлігі тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемінің пакетінен қаржыландырылады. Яғни біз, сақтандырылмаған халықты да қамти аламыз. Скринингтің бұл түрі бөлек қаржыландырылады. Мұның бәрі бізге ауруларды ерте анықтауға, уақытылы емдеуге, сол арқылы халықты сауықтыруға мүмкіндік береді, – дейді Бұқар жырау ауданының орталық аудандық ауруханасының директоры Арман Байсұлтан. Директордың айтуынша, биыл ауданда 9 мыңға жуық адамды ауылдық скринингпен қамту жоспарлануда. Олар қан мен зәр анализі, биохимиялық талдау, ПСА тәсілімен қан анализі (қуықасты безі қатерлі ісігін анықтау әдісі), фиброгастродуоденоскопия, маммография, флюорография сияқты тексерулерден өтеді.

**Өз тілшімізден**

● РЕПОРТАЖ

# Өмір біреу болғанмен, тағдыр түрлі

**Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне қарасты «Өмірлік қиын жағдайдағы тұлғаларды қайтадан әлеуметтендіру орталығы» аймақтағы белгілі тұрағы, мекенжайы жоқ қаңғыбастарға арналған жалғыз орталық. Мұндай орталық Теміртау қаласында да бар. Аудан, қала, елді мекендердегі үйсіз-күйсіздердің басым бөлігі осы жерден пана табады.**

**Сағыныш ӘБІЛ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

### Жан сақтайтын орын

Екі қабатты ғимараттың тұрмыс-тіршілігі қоңырқай. Құрқылтайдың ұясындай ғимарат тағдырдың тәлкегіне түскен жандардың тұрағы.

Жалпы, кезбелердің барлығы үй-күйсіз емес. Көпшілігі тұрмыс тауқыметін көтере алмай, қоғамға деген өкпесі мен ашу-ызасын арақтан алып, күні бойы ішіп, түнде үйіне оралатындар. Олардың арасында отбасымен маскүнемдікке салынып кеткендер немесе әйелі қайтыс болып, балалары тастап кеткендер де болуы мүмкін. Әйтеуір, түнейтін баспанасы бар. Олар көбіне қоқыстарды жағалап, өздері керек қалдықтар жинайды. Қағаз, қалбырларды жиып тапсырып, арақ алып үйіне бөтелкелестерін «қонаққа» ертіп апарып, думандатады. Мұндай адамдарды орталыққа әкелмейді.

▶ 3-бет


Коллажды жасаған **Шынар Адамбекова**

● ТАҒАЙЫНДАУ

# Филиалда – жаңа басшы

**«Жол активтерінің ұлттық сапа орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қарағанды облыстық филиалында – жаңа басшы. Бұл мекемені енді Нұржан Самиғоллаұлы Темірханов басқаратын болады.**

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ол 1963 жылы Батыс Қазақстан облысында туған. Еңбек жолын 1988 жылы жергілікті жол мекемесінде қарапайым инженер болып бастаған. Соңғы жылдары «Жол активтерінің ұлттық сапа орталығының» Маңғыстау облысы және Астана қаласы филиалдарында директор болған. Нұржан Темірхановты қарағандылық ұжымға ұлттық сапа орталығының басқарма басшысы Зәмір Сағынов таныстырды.

Ал, Қарағанды облыстық филиалының бұрынғы директоры Айбол Жасұйымұлы Бидайбеков енді Алматы қаласы филиалын басқарады.

● ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ – ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

# Үміткер қадамы – серпіліс бастауы

**Елімізде аса маңызды саяси науқан басталды. Өзіміз сайлауға түспесек те, күнделікті күйбеңге, арқаны кеңге салып, босаңсуға еш мүмкіндік жоқ. Биылғы сайлаудың өтетіні туралы Президент алты ай бұрын мәлімдеді.**

**Сайлау құқығы белсенді және енжар деп екіге бөлінеді. Белсенді құқық сайлаушыларға, ал, енжар құқық үміткерлерге тиесілі. Сайлаушы ретінде мен өзімнің белсенді құқығымды дұрыс пайдаланып, дауысымды ең лайықты деген үміткерге берсем деймін. Осыны іске асыру үшін ақпарат айдынын жіті сүзіп, шамам келгенше өз ойларыммен бөлісе отырмақпын.**



Сайлау науқаны қызу болатын түрі бар. Сайлау шеруіне жаңадан партиялар қосылды, бір мандаттық округтерден үміткерлердің жаңа толқыны көрінуде. Аумалы-төкпелі заманның, жаңа белестер мен тың таңдаулардың алдында тұрмыз. «Әй, қап!» дейтін заман өткен. Замана сергектер мен ширақтардың тізгініне бой ұсынбақ. Сол сергектік пен ширақтық жеке имиджі мен қарақан басын ойлағандарға емес, елім дейтін ерлерге тән болса дейміз.

Сайлауға сай болып келдік пе? Партиялық тізім бойынша және бір мандаттық округтерден өзін-өзі ұсынған үміткерлерді тіркеу кезеңіне аяқ бастық. Сайлауға 7 саяси партия және көптеген тәуелсіз үміткерлер қатыспақ. Сәтін салса, қазақша Жаңа жылда еліміздің заң шығарушы және өкілетті органдары жаңа құрамда іске кіріспек. Олар қаншалықты жаңарады? Көш-керуенімізді жаңаша бастайтын көсемдерді көре аламыз ба? Әлде «жаңғырық шығарар жартастарға» риза боламыз ба? Партиялық тізімдерді түзейтін, сайлаушылардың дауысына сай үміткерлерді депутат қылуға құзыреті бар саяси алқалар адал да әділ бола ма, әлде тойымсыз құлқынның жетегінде кетіп, қалтасы қалыңдарға мандат сыйлай ма? Жеке шапқан үміткерлердің үні құмығып қалмай ма?

Бізге «не болады?», «кім өтеді?» деген уайымшыл сұрақтар керек емес. «Не істеймін?», «кімді сайлаймын?» деген қарекетті сауалдар маңызды. Сырттай қарағанда сайлаушы партиялық тізімге әсер ете алмайтындай. Жоқ, халықтың ішіндегі көзі ашықтары жеке үміткерлерді ғана емес, партиялық тізімге енгендерді де сүзгіден өткізе алады. Қоғамдық пікір қалыптастырып, кез келген партияның алдына мәселе қоя алады. Ол үшін сайлауалды науқанды қалт жібермей, үміткерлердің іс-қимылы, кездесулері, бағдарламалары, өткені мен бүгіні бәрі назарға алынуы тиіс.

Бізге замана тынысын түйсігімен сезе алатын, уақыт мұхитының цунамиларынан ел керуенін аман-есен алып өтуге жан-тәнімен берілген азаматтар керек. Мәжіліс пен мәслихаттарға адамгершілік ұстанымдары мығым, жүрегі адал, қолы таза, кәсіби біліктілігі жоғары жандар сайлануы тиіс.

Дәл осыдан 300 жыл бұрынғы аласапыран шақта Алтай мен Еділ арасындағы барша қазақ ішкі араздықтардан арылып, сыртқы жаудың бетін қайтарды, шекара асыра қуды. Сол кезде қазақ елі бірліктің тамаша үлгісін көрсетті. Сол бірліктің берекелі жемісінің дәмін, міне, біз татып отырмыз. Бүгінгіміз сонау алыстағы кешегімізбен тікелей байланысты. Енді үш жүз жылдан кейін ұрпағымыз біздің дұрыс таңдағанымызға риза болатындай қарекет жасауымыз керек. Өйткені, жан-жағымыз небір қауіп-қатерге толы.

Жалпы кез келген таңдау – маңызды. Дұрыс таңдау жасау үшін үш жүз жыл күтіп керек емес. Дегенмен, бүгін де өзара араздық, туыстық, жершілдік, рулық, тайпалық тар ұстанымдардың кері әсері сақталуда. Туыстық, рулық байланыстар тұрмыста, күнделікті өмірде маңызды болғанымен, саясатта кері салдарларға әкелетін кедергі екені құпия емес. Тек қана бұл емес, бізді қинайтын басқа да кедергілер жетерлік. Оларды әзірге қозғамай-ақ қояйық. Айналамыздағы әр алуандықты бізді өзара алшақтатын фактор ретінде емес, керісінше, мың бояулы дүние тұтастығының бір көрінісі ретінде қабылдаған жөн.

Сайлау науқаны жұрт жиналған жерде әңгіме көрігін қыздырады. Сол әңгімелер зиялы деңгейде жүргені абзал. Сайлаудан кейін де өмір бар. Сайлауалды үгіт-насихат науқаны жақсыларды жақындастыратын, білікті бастарды біріктіретін, жасампаз бағдарламалар жасақтататын науқан болса деген тілектеміз. Қандай қаһарман сайланса да, қаншама уақыттан (бәлкім мың жылдан) бері қордаланып қалған небір өзекті проблемаларды бір күнде шешіп тастай алмайды. Оларды шешуге зор шыдам, тиімді тактика қажет. Ұйымы мығым қол керек. Алайда, бұл саяси науқан ұлы Абай айтқан кетікті дүниенің бір кемін толтырар деген үміт бар, сенім бар.

Алуан-алуан жүйрік бар, бірінен соң бірі келеді десек те, бұл ауылдастың аты озсын дейтін бәйге емес. Елдің ұлы мұраттары, түрлі мүдделері ту болып көтерілген, ішкі бірлікті, мығым сенімді, қуатты жасампаздықты паш ететін стратегиялық шара. Халық дана. Ол әр уақытта өз еркін білдіруге мүдделі. Соған тиісті жағдай жасалса, нәтижесі берекелі болады.

Кезінде Айға аяқ басып тұрып, Нил Армстронг айтқандай, бұл үміткер үшін кішкентай қадам, ал, барша қазақ қоғамы үшін ғаламат секіріс болса дейміз. Біз мүмкіндіктер айдынының алдында тұрмыз. Мақсатымыз айқын болса, кез келген жел біздің желкенге оң болмақ.

**Болат СЫЗДЫҚ,**
**заң ғылымдарының кандидаты,**
**Е.Бөкетов атындағы ҚарУ**
**қауымдастырылған профессоры**

● ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ – БАЯНДЫ БОЛАШАҚ БАСТАУЫ

# Мақсат – қайта тәрбиелеу

**Кез келген өркениетті қоғамда адам – ең басты байлық. Демек, адамның құқықтарын қамтамасыз ету – мемлекеттің демократиялық келбетінің маңызды көрсеткіштерінің бірі. Өткен жылы Ата Заңға енгізілген өзгерістер де осыны көздегені анық. Әлбетте, өзгеріс енгізу бір күнде пайда бола қалған шешім емес. Ол азаматтардың сұранысына негізделді және қоғамның мүддесі үшін жасалды. Себебі, уақыт бір орында тұрмайды. Тиісінше, заңның өзін өзгертіп отыру – уақыт талабы.**

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»




Американың Тәуелсіздік декларациясының авторларының бірі Томас Джефферсон әр 19 жыл сайын Конституцияны өзгерту керек деген уәж айтады. Олай деуінің себебі – дәл осы уақыт аралығында тұрғындардың жартысына жуығы жаңарады. Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының профессоры, заң ғылымдарының кандидаты Виталий Хан да осы пікірде. Бүкілхалықтық референдуммен Ата Заңға енгізілген өзгерістер жайлы айтқанда профессор ең бірінші Қазақстанның өлім жазасынан түбегейлі бас тартуы – демократиялық қоғамға жасалған нақты қадам екенін айтады. Яғни, жазаның ең ауыр түрінен бас тарту – уақыт талабына сәйкес қажеттіліктен туған.

– Ел Конституциясына енгізілген өзгерістер алдымен қазақстандық қоғамдағы құқықтық сананы өзгертуге бағытталған. Жалпыхалықтық референдумда қабылданған өзгерістердің ішіндегі айрықша айтуға болатыны – Қазақстанның өлім жазасынан түбегейлі бас тартуы. Ата Заңымызда мемлекеттің ең қымбат байлығы адам деп жазылған. Өркениетті қоғамдағы жазалаудың мәні – адамды ұрып-соғу немесе көзін жою емес. Керісінше, қылмыстық сананы өзгертіп, оны қайта тәрбиелеу. Кеңестік қоғамда құқықтық мәдениет және әлеуметтану, психология сияқты ғылымдардың даму деңгейі аса ауыр қылмыс жасайтындарды қайта тәрбиелеуге мүмкіндік берген жоқ, – дейді Виталий Вячеславович.

Ғалымның айтуынша, кеңестік құқықтың да мақсаты – адамды қайта тәрбиелеу. Бірақ, өкінішке қарай, ауыр қылмысқа баратындарды қайта тәрбиелеу мүмкін болмағандықтан, жазаның ең жоғарғы түрін қолдануға мәжбүр болған. Ал, бүгінде психология ғылымы қылмыстық сананы өзгертіп қана қоймай, оны түрлендіру мақсатында белгілі бір сценарий жасауға мүмкіндік береді. Мәселен, психологтар әзірлеген белгілі бір арнайы процедуралар адамды қайта тәрбиелеп, санасын өзгертуге мүмкіндік береді.

«Әрине, бүгінде оның барлығы құқық саласында толық жүзеге асуда деп айтуға әлі ертерек. Себебі, өздеріңіз білесіздер, елімізде психологтардан заңгерлер көп. Бірақ, оған да келетініміз анық», – дейді Виталий Хан.

Конституцияға енгізілген өзгерістердің барлығы адам құқықтарының қорғалуына оң әсер ететінін айтады профессор. «Азаматтарымыз Ата Заңмен белгіленген құқықтарын пайдалануы керек. Әрі пайдаланып қана қоймай, өздерінің құқықтық саналарын өзгертулері тиіс», – дейді ол.

● COVID-19

# Шектеу шараларына негіз жоқ

**Ресейдегі Н.Гамалей атындағы ұлттық зерттеу орталығы 6-11 жастағы балаларға арналған коронавирусқа қарсы вакцина әзірледі. Оның құжаттары тіркеуге беріліп қойыпты. «Гам-КОВИД-Вак-Д» атауына ие болған жаңа вакцина екі дозадан тұрады.**

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Орталық директоры Александр Гинцбургтің айтуынша, балаларға арналған вакцина құрамын өзгертетін уақыт келді.

Жаңа вакцинаны клиникалық тексеру жұмыстары былтыр өтті. Оған бұрын коронавируспен ауырмаған 6-11 жас аралығындағы балалар ата-аналарымен бірге қатысты. Өтініш берілгенімен, препарат әлі тіркелген жоқ. 12-17 жастағы жасөспірімдерге арналған «Спутник-М» вакцинасы бұрыннан қолданылып келеді.

Қазақстандық жеткіншектер де былтыр Pfizer вакцинасын алды. Оны 12 жастан асқан балалар, жүкті және бала емізетін әйелдер де алды. Сондай-ақ, Қазақстан осы Pfizer-дің 5-11 жас аралығындағы балаларға арналған 1 миллион доза вакцинасынан бас тартқанын да айта кеткен орынды.

Бүгінде елде 10 858 101 адам – вакцинаның бірінші компонентін, 10 629 063 адам екіншісін алды. 5 миллионнан астам адам ревакцинациядан өтті.

8 ақпандағы мәлімет бойынша, республикада жаңа 78 жағдай тіркелді. Бір тәулік бұрын 51 адамнан коронавирус анықталды. Сондай-ақ, екі аптадан бергі алғашқы өлім жағдайы тіркелді.

Денсаулық сақтау министрлігінің кешегі күнгі дерегінше, 1 543 адам коронавирус инфекциясынан емделуде. Олардың ішінде, 121 пациент – стационарда, 1 422 науқас амбулаториялық деңгейде ем қабылдауда. Жеті адамның жағдайы ауыр.

Бүгінде әлем эпидемиологиялық ахуалды қанша адамның ауырғанына емес, қанша адамның ауруханаға жатқызылғанына қарай бағалайды. Ауырғандардың басым бөлігінің сырқаттану деңгейі стационарға жатуды қажет етпейтіндей, жеңіл формада өтетінін ескерсек, елде коронавирустың жаңа толқыны немесе қандай да бір шектеу шаралары туралы сөз қозғауға негіз жоқ.

● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

# Қоныс тойын тойлады

**Приозерскіде «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында 45 отбасы пәтерлі болды. Кезекте тұрған баспана иелері жаңадан салынған бес қабатты тұрғын үйдің алдына жиналып, қала әкімі Сапар Сатаевтың қолынан пәтер кілтін алды.**

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Қоныстанушыларды құттықтаймын және оларға жаңа пәтерлерде бақыт пен амандық тілеймін. Олардың көпшілігі бұл күнді жылдар бойы күтті. Аула аумағын абаттандыру міндетті түрде соңына дейін жеткізіледі, – дей келе Приозерск қаласының әкімі Сапар Сатаев қысқа мерзімде үйді салып берген құрылысшылардың еңбегін атап өтті.

Осы күнге дейін екі баласымен пәтер жалдап тұрған 31 жастағы жалғызбасты ана Айнұр Асанова кілт алған сәтте қуанышын жасыра алмады.

– Екі бөлмелі пәтер алып жатырмын. Жеті жыл бұрын күйеуімнен айырылып, үйдің кезегіне тіркелгенмін. Екі баламды жалғыз тәрбиелеп отырмын. Бірнеше жыл бойы айына 50 мың теңгеге пәтер жалдадым, коммуналдық қызмет ақысын төледім. Мұның бәрі отбасылық бюджетке ауыртпалық салды. Өз баспанаң болғаны үлкен бақыт екен. Ризашылығым шексіз, – дейді Айнұр Асанова.

Айта кетейік, тұрғын үй көпбалалы отбасыларға, мүмкіндігі шектеулі жандарға, толық емес және аз қамтылған отбасыларға, жетім балаларға, басқа да әлеуметтік осал топтарға берілді. Келешекте балалар ойын алаңын жайластыру, орындықтар мен урналарды орнату, сондай-ақ ауланы жарықтандыру жоспарлануда. Жақында «Нұрлы жер» бағдарламасының аясында несие алу бұрынғыдан да жеңілдей түсетін болады. Мамандардың мәлімдеуінше, қазіргі таңда Приозерск қаласы бойынша тұрғын үй кезегінде 360 адам тұрған көрінеді.

**ПРИОЗЕРСК**

● ДЕНСАУЛЫҚ

# Күйікті емдеудегі жаңа әдіс

**Былтыр облыстық балалар клиникалық ауруханасына күйік шалған 400-ге жуық бала түсіпті. Көбісі тұрмыстық жағдайда ыстық су, сүт пен сорпаға күйіп қалады екен. Және олар – бір мен үш жас аралығындағы балалар.**

**Жансая ОМАРБЕК,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Аурухана күйік шалған балалардың ем-домы үшін жаңа әдісті қолдануда. Фибробласттарды қолдану зақымдалған терінің қалпына келу процесін тездетеді, сәйкесінше, кішкентай пациенттердің қалпына келу уақытын қысқартады. Аталған әдіс қолданылған бір жарым жасар бала 12 күнде жазылып шығыпты.

– Бала ыстық суға күйіп, денесінің 20 пайызын күйік шалған. Ол 12 күн жатып, емделіп шықты. Бұрынғы әдіспен ол 20-25 күнге дейін жатар еді, – дейді аурухананың хирургиялық бөлімінің меңгерушісі Ехлас Ақмолдаев. – Бұған дейін терең күйікпен түскен балаларға дәстүрлі емдеу әдісі – аутодермопластиканы қолданатынбыз. Енді фибробласттарды қолданатын боламыз. Бұл – күйік бетіне қолданылатын жасушалық композиция. Ол спрей ретінде жарақат бетіне себіледі де тері түзіледі. Яғни, сау тіндерден тері кесіліп алынбайды.

Дәрігердің айтуынша, фибробласттар Астанадағы зертханада шығарылады. Қарағандыға арнайы контейнерлермен жеткізіледі. Хирургия бөлімінде олар -86 градус температурадағы тоңазытқыш камераларда сақталады. Қолданар алдында ғана алынады екен.

– Операция алдында біз бұл субстанцияны сұйылтып, спрей түрінде қолданамыз. Ол зақымдалған аймаққа қолданылып, жасушалардың жаңаруын қамтамасыз етеді. Жыл басынан бері теріні аллотрансплантациялау әдісін екі пациентті емдеу үшін қолдандық, – деді Ехлас Ақмолдаев.

Егер, бала термиялық күйік алса, жедел жәрдем келгенше жараны суық сумен шаю керек. Химиялық күйік кезінде әдетте ауыз қуысы зақымдалады.

Маман қорқынышты жыл сайынғы статистиканың кемімей тұрғанын айтып отыр. Сондықтан, ол ата-аналарға балаларына мұқият қарап, оларды қараусыз қалдырмауға кеңес береді.

# Өмір біреу болғанмен, тағдыр түрлі

**(Соңы. Басы 1-бетте)**

Орталыққа түсетіндер – үйі-күйі, құжаты жоқ, яғни барар жері, басар тауы жоқтар. Психологтардың айтуынша, көшедегі орын алатын бұзақылықтардың көбі арақтың кесірінен. Оның ішінде көше қаңғыбастарының да үлесі басым. Қаңғып жүріп арақ ішетін қоғамға өкпелі жандар өзінен басқа ештеңені көрмейді. Айналасындағы жанды және жансыз заттардың барлығын ата жауы санайды. Содан барып, бұзақылықтар орын алады. Мәселен, вандализмде осылардың қолтаңбасы жатады.

– Мұнда тағдыры қилы жандар әртүрлі жолмен келеді. Әрі шындарын айтпайды. Оларды тергеп-тексеру біздің құзыретімізде емес. Біздің міндет – алып келген қаңғыбастарды қабылдап алу. Орталыққа келетіндердің басым бөлігінің құжаты болмайды. Оларды жеке басын анықтау үшін көп жұмыс жасаймыз. Орталық 50 адамға арналған. Қыс мезгілінде 60 адамға дейін түседі. Әсіресе, күз, қыс айларында дірдектеп келіп тұрғандарды қалай қабылдамайсың? Қабылдау жүргізу де оңай емес. Бет-аузы домбыққан, үсті-басы кір-қожалақ, шаш-тырнағы өсіп кеткен, лас адамдарға қызмет көрсетуде орталық қызметкерлері көп еңбек сіңіреді. Оларды жуындырып-шайындыру, тырнақ-шаштарын алу, таза киімдер беру, алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету орталық қызметкерлерінің мойнындағы жұмыс, – дейді «Өмірлік қиын жағдайдағы тұлғаларды қайтадан әлеуметтендіру орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысы Қалқаш Батырбеков.

Бүгінде мекемеде 29 қызметкер бар. Психолог, дәрігер, мейірбике, диспетчер, күзетші және тағы да басқа әлеуметтік қызметкерлер. Мемлекет тарапынан бұлар тек тегін жатын орынмен ғана емес, тегін іш киім, шұлық және төрт мезгіл тамақпен қамтамасыз етілген. Ал сырт киімді демеушілер алып береді. Орталыққа түскендердің көбінің киімі тозған. Мұнда келген жандар орталықта тек бір ай ғана болуы керек. Алайда, алты ай немесе жылдап жататындар мен қайта айналып келетіндер де баршылық. Ұзақ жатудың себебі, құжаттарының дер уақытында дайын болмауы. Қайта айналып келетін үйсіз-күйсіз жандар «Халявка» атап кеткен орталық олар үшін жан сақтайтын орын.

– Орталыққа түскендердің басым бөлігінің құжаты жоқ. Туғаннан құжат алмағандар немесе жоғалтып алғандар. Олардың жеке басы туралы ақпарат анықтауда қиындық көп. Бұлардың бір айласы нақты қай жерде қашан туғанын айтпайды. Немесе жалған ақпарат береді. Содан барып анықтау жұмыстары ұзаққа созылады. Олар айтқан мекенжай бойынша сұраныс салғанда таба алмай жатамыз. Сайып келгенде кейбіреулері басқа мемлекеттен болса, кейбіреулері өз аудандарымыздың тұрғыны болып шығады. Бұл жерде Украина азаматтары көп. Ондағы жағдайға байланысты құжат жасату қиынға соғып тұр, – дейді орталық басшысы.

Көшедегі қаңғыбастарды жинау үшін орталықта арнайы мобильдік топ жұмыс жасайды. Арнайы мезгілде әсіресе күн суытқан кездерде аптасына үш реттен шығады. Учаскелік инспектормен бірге медицина қызметкерлері де барады. Кезкелген қарапайым адамдардан қоңыраулар түсіп жатады. Мас болған жағдайда уақытша айықтырғышта болады. Содан кейін орталыққа түседі. Орталықтағы медицина қызметкерлері келген адамды жан-жақты тексеріп, алғашқы медициналық көмек көрсетеді. Оларды медициналық орталыққа апарып қарату да мекеме қызметкерлерінің еншісінде. Егер ол мүгедек болса мүгедектер үйіне, жақын-жуығы болмаса қарттар үйіне, қандай да бір ауытқуы болса, психоневрологиялық орталыққа жіберіледі. Ал оған дейін олардың қажетті құжаттарын дайындау, сол арқылы жәрдемақы тағайындату жұмыстарына орталық қызметкерлері жауапты.

**Үй-күйсіз болса да, елдің азаматы**

Мекеменің күнделікті тірлігі күрделі. Шым-шытырық оқиғаға толы. Мұндағылардың адам қайғысына түсіністікпен қарау, қандай адам болсын көмек қолын созу, оларға мейіріммен, кешіріммен қарауға еттері үйренген сыңайлы. Орталық психологі Дана Көшербаева:

– Олармен тұрақты жұмыс жүргіземіз. Өздерінің ойларын білеміз. Шынайы ашылуына көмек көрсетеміз. Әңгімелесу барысында көбінің тұрмыс тауқыметін көтере алмағандықтан осындай жағдайға түскенін естиміз. Олардың арасында қаңғыбастық өмір салтынан арылып, дұрыс жолға түскісі келетіндер де бар. Өзгергісі келмейтіндер де бар. Біз оларды қоғамға қайта бейімдегіміз келеді. Оларға оқуға кітаптар ұсынамыз. Өзара әңгімелесуге мүмкіндік туғызамыз, – дейді.

Орталықтағы тұрғындармен кездесу барысында бір байқағаным, олар ешкімге ашыла кетпейді. Бейқам, бейтарап. Ашық әңгімелесуге де құлқы жоқ. Бетке тік қарамайды. Жүздері сынық. Салы суға кеткен. Құдды бір тұманда адасып, абдырап жүргендей. Қолаң шашты, қара торы келіншекпен үздік-үздік сөйлесудің сәті түсті. Салған бетте:

– Мен үйіме қайтамын. Құжатымды күтіп отырмын. Екі ұлым бар. Біреуі Астанада тұрады. Екіншісі үйде, мені күтіп отыр. Мұндай жағдай енді қайталанбайды, – деді. Құжаты қолына тисе, алды-артына қарайламайтын секілді. Мұндағы әйел адамдардың қысылып, қымтырылғаны байқалды. Қайдан келгенімді айтып едім, жүздерін теріс бұрды.

Ер адамдардың да қарасы қалың. Таяққа сүйенгендері де, аурулары да бар екен. Орталық басшысы «Қандай өтініш-тілектеріңіз бар» деп еді. Жауап бермеді. Үн-түнсіз күйі теледидар тамашалап отыра берді. «Үлкен кісілер көп екен» деп едім, басшы «Бұлар орта жастағы адамдар. Әрі кетсе, 40 пен 50-дің арасындағы азаматтар» деді. Құр сүлдері қалған, азып-тозып кеткен. Сүлесоқ түрлері өмірден баз кешкендей.

Аяғы жоқ, жүре алмайтын арбаға таңылғандар да баршылық. Кіріп барғанда елпеңдеп қалды. Жапа-тармағай қал жағдайларын айтып жатты. Ұйықтап жатқанын да түртіп оятып алды.

– Біз үшін орталықтағы әрбір адам маңызды. Тығырықтан шығу үшін олардың физикалық, рухани, тұлғалық әлеуетін көтеруде, өзіне деген сенімін нығайтуда бар күшімізді саламыз. Олардың кез келген дерегін анықтап, тума-туыстарынан хабар біліп, табысуына себепкер боламыз, – дейді орталық басшысы Қалқаш Нақысбайұлы.

«Адасқанның айыбы жоқ...» дегендей, орталыққа келіп түскендер өз отбасымен қауышып жатады. Жиі емес бірақ. Бірнеше ай бұрын жоғалып кетіп, белгісіз себептермен базар маңында қайыр тілеп жүрген азаматша мейірімді жанның көмегімен балаларымен қауышты. Бір азаматтың қызы әкесін тапты. Келесі бір азаматшаның қызы шешесін ақылы орталыққа өз қолымен тапсырды. Себебі – сан түрлі, салдары – қадірінің жоқтығы. «Орталыққа келген әр адамның өмірге деген құлшынысын оятып, аяғын нық басып кетуіне себепші болсақ, сергелдең қалпынан серпіліп, жаңа өмірге қадам басуына сеп болсақ болды» дейді, орталық қызметкерлері. Иә, адамшылық тұрғыда өз парызын орындап жүрген қызметкерлердің еңбекақылары көңіл көншітпейді.

«БОМЖ» да еліміздің азаматы. Олардың да конституциялық құқықтары бар. Қандай өмір жолын таңдаса да өз еркі. Алайда, дәл осы жолды емес. Оларға көмек көрсету, қалыпты ортаға бейімдеу мемлекет пен қоғамның алдындағы қарызы ма, парызы ма? Десек те, адамның тағдыры өз қолында. «Жақсы болмақ мың күнде, жаман болмақ бір күнде» демекші, адам деген ардақты атқа лайықты өмір сүргенге не жетсін?! Ол үшін әр адамның санасы мен ерік-жігері мықты болуы керек. Ал адамның санасын, жалпы қоғамдық сананы өзгерту оңай емес-ау.

● БІЛІМДІ ҰЛТ

# Зияткерлік мектеп жетістігі

**Биыл Қарағанды қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің ашылғанына – 10 жыл. 2013 жылдың 1 ақпанында химия-биологиялық бағыттағы Зияткерлік мектеп есігін алғашқы оқушыларына ашқан.**



Назарбаев Зияткерлік мектебі 10 жыл ішінде едәуір жетістікке жетті. Биылға дейін 946 түлек білім ордасын тәмамдаған. Оның 97-сі үздік аттестат, ал 63-і «Алтын белгіге» ие болған. Мектеп түлектері Қазақстанның және шет елдің үздік жоғары оқу орындарына түсті. Оқушылар үш тілде еркін сөйлеп, мектепте қосымша неміс, қытай, француз және кәріс тілдерін таңдауына қарай меңгере алады.

– Мектеп бітірушілер Кембридж университетімен бірігіп дайындалған емтиханды тапсырып, үздік нәтиже көрсетуде. Олар Германия, АҚШ, Гонконг, Қытай және тағы басқа елдердің үздік жоғары оқу орындарына түсті. 11-12 сынып оқушыларына химия, биология, информатика, физика пәндері ағылшын тілінде оқытылады. Қазақстан тарихы және география пәндері қазақ және орыс сыныптарында тек қазақ тілінде оқытылады, – деді директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Сарқыт Айкеев.

Мектеп толықтай сапалы техникамен жабдықталған. Оқушылар теория жүзінде алған білімін, практикада толықтырады. Биыл мектепті аяқтайтын Әділ Шаяхметов практикалық сабақтардың маңызын растады.

– Мен Назарбаев университетіне құрылыс инженериясы мамандығы бойынша түсуді жоспарладым. Назарбаев Зияткерлік мектебі тек білім беріп қана қоймай, достар мен жаныма жақын адамдарға жолықтырды. Мектептің білім беру деңгейі өте жоғары. Теорияны практикамен ұштастыруға мүмкіндік бар,– деді ол.

Мерекеге орай оқушылар өздерінің жобаларын көрсетті. Көрмеге қойылған өнертабыс арасында 10 «е» сынып оқушылары Вадим Назаренков пен Әмірхан Сандыбаевтың «ақылды табан» құрылғысы бар. Ол аяғының ұзындығы екі түрлі адамдарға арналған. Құрылғы аяқ киімнің табанына орнатылып, екі аяқтың ұзындығын теңестіреді екен. Ал, электрлік стимуляция сынған сүйекті өте қысқа уақыт аралығында қалпына келтіреді. Оны ойлап тапқан 9 «с» сынып оқушылары – Алдияр Нақып пен Исатай Сұлтанби. Тіпті, аммиактың маңыздылығын практика жүзінде дәлелдейтін құрылғы да бар.

Назарбаев Зияткерлік мектебі он жылда білім берудің жоғары сапасын көрсетіп қана қоймай, облыс мұғалімдері үшін өңірлік ғылыми-әдістемелік орталық болып берік орнықты.

**Ақерке БАЙБӘКІР,**
**Е.Бөкетов атындағы ҚарУ**
**журналистика кафедрасының**
**4-курс студенті**

● ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

# Жаңа мектеп салынады

**Аймақта білім саласындағы түйткілді мәселелерді шешуде бірқатар маңызды іс-шаралар жүзеге асуда. Мәселен, апатты мектептер мен оқушы санын ескере отырып, жаңа мектептер салу мәселесі оң шешімін табуда. Биыл Қарқаралы ауданында жаңа мектептер салынып, білім ошақтарына жөндеу жұмысы жүргізілмек.**

**Сағыныш ӘБІЛ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Ауданда 48 білім беру ұйымы бар. Дегенмен, мектеп пен балабақша жетіспеушілігі күн тәртібінен түскен емес. Осы орайда, ағымдағы жылы үш мектепті жөндеуге облыстық бюджеттен 249,7 млн. теңге бөлінді.

Қ.Аманжолов ауылында 200 орындық жаңа мектептің құрылысы басталды. Сонымен қатар, «Жайлы мектеп» жобасы аясында қала басындағы №44 мектеп базасында 300 орындық мектеп құрылысы жоспарлануда.

Сурет интернеттен алынды

«ҚР ҚМ Қазынашылық комитетінің Қарағанды облысы бойынша Қазынашылық департаментінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің нормаларын, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың Департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9.00-18.30-ға дейін жұмыс тәртібімен 8-(7212)-41-36-90 сенім телефоны қызмет етеді».

«Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің нормаларын, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың Қарағанды облысы бойынша қазынашылық департаментінің аудандық, қалалық басқарма қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін сенім телефондары:

– Саран қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(72137)-5-11-44
– Шахтинск қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(72156)-3-91-84;
– Теміртау қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(7213)- 98-10-18;
– Қарқаралы аудандық қазынашылық басқармасының: : 8-(72146)-3-17-38;
– Бұқар жырау аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72154)-2-12-87;
– Нұра аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72144)-5-29-88;
– Осакаров аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72149)- 4-18-90;
– Абай аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72131)-4-47-37;
– Ақтоғай аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(71037)-2-10-11;
– Балқаш қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(71036)-4-07-49;
– Приозерск қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(71039)-5-20-45;
– Шет аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(71031)-2-18-06;

®

Қарағанды облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит Департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс Кодексінің, мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарының нормаларын Департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9.00-18.00-ға дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fink.kar@minfin.gov.kz ®

● ЕРТЕҢ – ҚАЛА КҮНІ

# Шаһар шаттығы

**Кенді өлкенің астанасы Қарағандының ел тарихында алар орны ерекше. Өндірісті өлкенің қала мәртебесін алғанына келер жылы 90 жыл толса, биыл Қарағанды өңірінен көмір табылғанына 190 жыл толып отыр. Қара көмірден басталған қала тарихының тамыры тереңде.**

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыс орталығы қала ретінде 1934 жылы 10 ақпанда құрылды. Ел аузындағы әңгімеге сүйенсек, ертеде қала орнында қараған қаулап өскен.

Ағылшын кәсіпкерінің қара алтынды қазып, кәдеге жаратуы бірте-бірте өндірістің өркендеуіне жол ашты. Кен өндіру мақсатында шахталармен қатар, шағын елді мекендердің де іргетасы қалана бастады. Сәйкесінше, жер-жерден шахтаға жұмыс жасауға келген адамның толассыз легі елді мекендер іргесінің кеңеюі мен халық санының артуына әкеледі.

Апақ алау тұтатқан мекен бүгінде құтты қонысқа айналды. Тау қопарып, тас жарған кеншілердің мекені. Өлке тарихының ақтаңдақ беттерінен айтулы оқиғалар ойып тұрып орын алған, алып тұлғалардың ізі қалған іргелі қала. Индустрияландыру игілігі арқылы белестен белеске сәтті қадам жасауда. Бүгінде қала халқының саны жарты миллионнан асты. Бой көтерген зәулім ғимараттар шаһар шырайын ашуда. Мәселен, былтырғы жылы аймақ тұрғын үй құрылысы бойынша рекорд орнатып, 662 мың шаршы метр пайдалануға берілді. Басым бөлігі облыс орталығына тиесілі.

Өндірісі өрлеген, рухы төрлеген қалада ірі өнеркәсіптен бастап, шағын кәсіпкерліктің де көрігі қызып тұр. Ал, қаланың экологиялық ахуалын жақсарту мақсатында көгілдір отын тарту бағытында кешенді жұмыстар жүзеге асуда. Қала бойынша 140 шақырымнан астам газ тарату желілері салынып, көгілдір отын 4187 үйге жеткізілді.

Мәдениеттің мәйегі, руханияттың ордасы, білімнің қайнар бұлағы, өндірістің өзегі болып отырған қалада келешекке құрылған жоспар ауқымды.

Шағын кенттен құралған алып қаланың өрісі кең. Күннен күнге құлашын кеңге сермеп келе жатқан қаланың болашағы жарқын. Миллион тұрғыны бар шаһарға айналар күнде алыс емес.

● ТУРНИР

# Волейболшылар бақ сынасты

**Халықаралық волейбол күніне орай Шахтинск қаласының спорт кешенінде волейболдан ашық турнир өтті.**

Аталған жарысқа Саран, Қарағанды, Шахтинск және Абай ауданы құрамалары жиналды. Ойынның алғашқы кезеңінде Шахтинск командасы мен Қарағандының «Bolat» ВК құрамасы тартысты ойын көрсетіп, жанкүйерлер делебесін қоздырды. Ойынның шешуші кезеңінде бағы жанып, бас жүлде алған Абай ауданы құрамасы болды. Шахтинск қаласы II орынға табан тіреді. Ал, «Bolat» ВК командасы III орынды қанағат тұтты.

● ПОЭЗИЯ КЕШІ

# Ақжолдан шыққан ақын

**«Ақжол деген ауыл бар қыр басында, Жырым деген өзен бар жылғасында. Сол Жырымда гүрілдеп сең жүруші ед(і), Құс келіп, қар еріген жыл басында». Ақын Еркебұлан Елеусізұлының туған жері туралы жыры осылай басталады. Кіршіксіз әрі сырлы өлеңдердің иесі, «Жыр-Жауһар» шығармашылық орталығының белді мүшесі, ақын Еркебұлан Елеусізұлының «Қайыңды көл» атты шығармашылық кеші Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханада өтті.**

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Осыдан 17 жыл бұрын Мұқағали Мақатаевтың туған күнінде осы рухани ордада «Жыр-Жауһар» поэзия клубының тұсауы кесілген еді. Бірнеше толқынды тәрбиелеп шыққан поэзия клубы қазір іргелі шығармашылық орталыққа айналған. Осы орталықтан қанатын қатайтып, әдебиет әлеміне қадам басқан жастардың алды бұл күнде республикаға танымал. Кешті де осы орталықтың алғашқы мүшелерінің бірі, ақын Эльмира Сайлауқызы ерекше ұйымдастырып, көптен көрінбей кеткен Еркебұлан ақынды бір серпілтті.

Еркебұлан аңқылдақ ақын. Жүрегінде титтей де кір жоқ. Бірақ, жазуға сараң. Жүрегін жарып шықпаса, ақ параққа түсірмейді. Өлеңдері жасандылықтан ада. Көрініп қалуға құмар емес. Өзіне, өлеңіне сенеді. Қаламға, өлеңге адал. Алайда, «шабытты күту қате, оны шақыру керек» демекші, көптен көрінбей кеткен Еркебұлан ақынның осы кеште бір тынысы ашылғандай. Лапылдап тұрып, тебірене өлең оқыды. Жан сырымен бөлісті. Оқырман қауымның сұрағына жауап берді. Бұған дейін «Қасым кз» сериясымен жарыққа шыққан «Қайыңды көл» кітабын қолтаңбасын қойып, ұсынды.

Әсіресе, «Қайыңды көл», «Ақжол деген ауыл бар...», «Анама», «Қарқаралы қазағым», «Тілек» сынды өлеңдері оқырманын елең еткізіп, ынтықтыра түсті.

– Еркебұлан поэзияға таңғы шықтай мөлдіреп келді. Алғаш «Орталық Қазақстан» газеті редакциясында таныстық. Сонда оның ауылына деген сағынышынан туған өлеңі бізді бауыраған. Соңымыздан осындай талантты ақынның келе жатқанына қуандық, үміт күттік. Бірақ, біраз уақыттан көрінбей кетті. Бүгін жаңа өлеңдерін тыңдап риза болдық. Ізденісі анық аңғарылып тұр. Сыршыл ақын болып қалыптасып келеді. Өзімен қайта табысқанына қуанып отырмын. Шығармашылық табыс тілеймін, – деді ақын, Қазақстан Жазушылар одағы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Жанат Жаңқашұлы.

Ақынның поэзия кешіне ақын, сазгер Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Ерқанат Кеңесбекұлы арнайы қатысып, Б.Үсеновтің «Қарлығашым», Серік Сағынтайдың «Өмір» өлеңдеріне жазған авторлық әнін шырқады.

Әлеуметтік желіден кеш жайлы естіп келген ақын, журналист Серғазы Қабылдаұлы да ыстық лебізін айтып, өлең оқыды. Әнші Абзал Әбішев «Сағындым ғой» өлеңін орындаса, әнші, сазгер әнші Аманкелді Ахметжан Т.Серіковтің «Мойыл көз» әнін әуелетті. Кештің басы-қасында жүрген ақын Эльмира Сайлауқызы Қарағанды қалалық ішкі саясат бөлімінің, ақын Бек Ноғайбайұлы «Қасым» республикалық әдеби-қоғамдық журналының құттықтауын жеткізді.

Кеш барысында «Жыр-Жауһар» шығармашылық орталығының өлең жазуға талаптанып жүрген өрендері ақынның жүрегін жарып шыққан жырларын жатқа оқыды. Сондай-ақ, мұзбалақ ақын Мұқағали Мақатаевтың отты өлеңдері де оқылды кеште.

Бұдан бөлек, оқырман қауым назарына ақынның шығармашылығына арналған «Жауһар жырдың тарландары» атты суретті кітап көрмесі ұсынылды.

Руханиятымыздың қызғыш құсы, кештің өтуіне бірден-бір мұрындық болған кітапхана директоры Дина Базарбайқызы кешті қорытындылап, ақынға шығармашылық табыс тіледі. Оның адамгершілігі мен еңбекқорлығына тоқталды. Кітапхана ұжымы атынан Алғыс хат табыстады.

– Біраз қарайып қалыппын. Кітап шыққаннан кейін кез келген шығармашылық адамында осындай сәттер болады. Дина апайым мен Эльмира замандасыма шексіз алғыс айтамын. Мені қолдап келген достарыма, оқырмандарыма ризамын. Екінші жыр жинағымды реттеп, дайындап жатыр едім. Екінші тынысым ашылғандай күй кешіп отырмын. Мына кеш шабытымды аша түсті. Біздің міндет – өлмейтін өлең жазу. Қаламға, жазуға адалдығымнан таймаймын, – деді кеш иесі Еркебұлан Елеусізұлы.

«Сен мені сағын, сап-сары күздің айында, Сағынатұғын сенің де мендей жайың бар. Жап-жасыл болып, тұрамын әрбір бақтарда, Сағыныш болып ілініп тұрам қайыңда» деп жырлаған Еркебұлан Елеусізұлының жаңа өлеңдерін, екінші кітабын оқырман асыға күтеді.

● ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

# Қола – қоржында

**Қазақстандық жеңіл атлет Кристина Овчинникова Чехияның Густопече қаласында өткен «Hustopecské skakani» халықаралық турнирінде қола медаль жеңіп алды. «Hustopecske skakani» бұл жыл сайын халықаралық жабық алаңда биіктікке секіруден өтетін арнайы жарыс.**

I орынды 1.99 метр нәтижемен британдық жеңіл атлет Морган Лейк алды. Бұл оның бірінші жеңісі емес. Ал, II орын украиналық спортшы Ирина Геращенкоға бұйырды. Оның нәтижесі – 1.97 метр. Осынау дүбірлі додада ел намысын қорғаған Кристина Овчинникова 1.95 метр нәтижесімен үздік үштіктің қатарына енді.

● ТЕННИС

# Томирис топ жарды

**14 жастағы қазақстандық теннисші Томирис Нұржан Барселонада (Испания) өткен «Open Banc Sabadell U-14 Champion» турнирінің жеңімпазы атанды.**

Финалда қазақстандық теннисші қарсыласын 6:4 есебімен жеңді. Чемпион жүлдесін Каталония мәрі жеке өзі табыс етті және біздің теннисшінің жеңіске деген керемет ерік-жігерін атап өтті.

Томирис бұл жеңістің арқасында тағы сегіз мықты теннисшімен кездесу өткізбек. Ол алдағы сәуір айына жоспарланған Барселона АТР турнирінде болмақ.

Дайындаған
**Жан АМАНТАЙ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

● ӨҢІРЛЕРДІ ДАМЫТУ

# Кеншілер қаласындағы жаңа кешен

**Шахтинскіде жобалау-сметалық құны 1 миллиард 790 миллион болатын денешынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы 2019 жылы басталып 2022 жылдың қыркүйек айында пайдалануға берілген еді. Жалпы аумағы 6 266,5 шаршы метрді құрайтын екі қабатты нысан заманауи архитектуралық жобамен салынып, ондағы спорт залдар мен бөлмелер қажетті құрал-жабдықтармен жарақтандырылған.**

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Кешен қалалық «Барыс» КМҚК филиалы болып табылады, – дейді оның басшысы Анарбек Жүнісов. Оның айтуынша, мұнда қаладағы балалар-жасөспірімдер спорт мектебі де орналасқан. Облыстық балалар-жасөспірімдер олимпиадалық резерв мектебінің бокс және жеңіл атлетика секциялары мен үйірмелері де жұмыс істейді.

Кешен сағатына 189, күніне 1 890 адамды қабылдау мүмкіндігіне ие. Келушілерге ұзындығы 25 метр 4 жолақты жүзу бассейні, тренажер, бокс, күрес, үстел теннисі, әмбебап ойын залдары мен 100 орындық конференция залы қызмет көрсетеді. Соның ішінде әмбебап ойын залында футбол, волейбол, баскетбол, жеңіл атлетикамен шұғылдануға болады. Ал кешеннің сырт аумағында жасанды жабынды төселген 3 спорт алаңы бар.

Шахтинск қалалық әкімдігі белгілеген қызмет ақысы да қымбат емес. Мәселен, ересектер әр сағаты үшін 500-550 теңге, ал балалар мен зейнеткерлер соның жартысын ғана төлейді екен. Көпбалалы отбасының балалары мен 7 жасқа дейінгі бүлдіршіндерге тегін. Аптаның жексенбісінде басқа күндері таңертеңгі 09:00-ден кешкі 21:00-ге дейін есігі ашық.

Шахтинскіде «АрселорМиттал» компаниясына қарасты 4 шахта бар екені белгілі. Соларда еңбек ететін кеншілердің кешенге келу ақысын төлеу көміршілердің «Қорғау» кәсіподағы мен филиал басшылығы арасында жасалған келісім негізінде жүзеге асырылатын көрінеді. Олар үшін аптаның 4 күніне арнайы жеке кесте жасалған. Бұл әмбебап және тренажер залдарына ғана қатысты. Қалған залдарына ақысын төлейді. Биылғы қаңтарда қол қойылған келісімнің күші әзірге үш ай мерзімге жетеді. Бұған қоса «АрселорМиттал» әкімшілігі өткен жылы 23-27 желтоқсанда осында 2010-2011 жылдары туған ұл-қыздары арасында шахтинскілік марқұм кенші Илгиз Сұлтанов атындағы баскетболдан дәстүрлі облыстық турнирдің 18-ші рет өтуіне демеушілік танытыпты. Ал оның алдында кешендегі спорт мектебінде грек-рим күресінен балалардың қалалық жарысын да өткізген. Алдағы уақытта да бұл жерде сан дүбірлі бәсекелер мен жарыстардың өтері анық.

**ШАХТИНСК**

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
**МЕНШІК ИЕСІ:** «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары – «Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы – **О.В. МЯГКИХ**
Директордың орынбасары – **Г.Ш. ЖҰМАДІЛДИНОВА**
Бас редактордың орынбасары – **Н.С. ДҮТБАЙ**
Бас редактор – **Е.К. МҰСАБЕК**
Интернет-редакция редакторы – **І.Д. МҰҚАЙ**
Жауапты хатшы – **Қ.Б. ҒАЛЫМ**

**Телефондар:**
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-57-76
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

**Меншікті тілшілер:**
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
● Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
**Мекенжайымыз:** 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

**Электрондық пошта:** ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

**Газет жеткізілмесе**
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412

Таралымы 5 602

№16 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

**Бағасы келісім бойынша**
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
**Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.**
**Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.**
Кезекші редактор **Жан АМАНТАЙ**